

- Позитивные черты процесса заимствования
- Возможность общаться с другими людьми;
- Узнать другую культуру;
- Возможность получить работу в другой стране
- Отрицательные черты процесса заимствования
- Возможность потерять ценности родного языка;
- Забыть родную культуру в погоне за западными ценностями.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Воротников Ю.Л. Слова и время. - М., 2003. – 106с.
2. П. Изюмская С.С. «Вечный» вопрос о мере использования иноязычных слов. // Русская словесность, 2000. №4. - С.37-51
3. Костомаров В.Г. Языковой вкус эпохи // Русский язык в школе. 1998. №1. - С.14 -17.
4. Крысин Л.П. Жизнь слова. М., 1980. - 97с.
5. Нестерская Л.А. О некоторых новых тенденциях в развитии словарного состава современного русского языка // Русская словесность. 2002. №2. - С. 11 – 18.
6. Попов Р.Н. Новые слова и словосочетания в языке современной прессы // Русский язык в школе. 1996. №1. – С.42-43.
7. Номера газет «Космопольская правда», номера за ноябрь, декабрь 2011, февраль 2012.

ТҮЙІН

Осы мақала заманауи орыс тілінде қазіргі уақытта көптеген ағылшын кірме сөздері бар. Кірме сөздердің алудың негізгі себептері – лексикалық қорды интернационалдандырудың жаһандық үрдісі, жаһандық нарықтың дамуы, бейресми технологиялар, сәнге деген құрмет. Мақалада авторлар орыс тілінде жұмыс істеуін экономикалық, мәдени және ортақ байланыстардың белсендірілуіне, сыртқы сөздерден ойланбай қолдануға байланысты ағылшын тіліндегі сөздердің айырмашылығын ұсынады.

RESUME

In present days in the modern Russian language there is many English borrowings. The main reasons of borrowing are global trend of internationalization of lexical fond, evolvorg of global market, informal technologies, a tribute to fashion.

ӘОЖ 81'246.3:37.015.311

Г.Қ.Сарсенова, студент

З.Б. Умбеталина, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы, ҚР.

КӨП ТІЛ БІЛҮДІҢ АДАМНЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІ МЕН ТҰЛҒАЛЫҚ ЖЕТІЛУІНДЕГІ РӨЛІ

Аннотация

Бұл мақалада көп тілді меңгерудің адамның кәсіби біліктілігі мен тұлғалық жетілуіне әсері қарастырылады. Мақалада авторлар шетелдік зерттеушілердің жүргізген эксперименттерінің қорытындыларын негізге ала отырып, бірнеше тілді меңгерген белгілі тарихи тұлғалар мен өмірде жоғары табысқа қол жеткізген қазіргі көптілді тұлғалардың үлгісінде көп тілді меңгерудің пайдасын көрсеткен. Авторлар

тілдерді меңгеру адамның ақыл-ойын, зейіні мен есте сақтау қабілетін арттырып, кәсіби-тұлғалық және интеллектуалдық дамуына оң әсер етеді деген тұжырым жасайды.

Түйін сөздер: көптілділік, көп тілді меңгеру, халықаралық қатысым тілі, тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынас, көптілді тұлға.

Тіл адам өмірінде шешуші рөл атқарады. Адам баласы үшін тіл – танып-білудің, қабылдап-түсінудің, жетіліп-дамудың құралы. Бүгінгі күні көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Яғни, жаһандану дәуірінде көп тілді меңгеру заман талабына айналды.

Қазіргі таңда көптілді тұлға бәсекеге қабілетті қоғам құрудың негізі болғандықтан, қазақ елі үшін де «көптілділік» көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Елбасымыз сол үшін де 2006 жылы алғаш рет көптілді білім беру туралы мәселе қозғап, ал 2007 жылы «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын ұсынып, оны кезең-кезеңмен жүзеге асыруды міндеттеген болатын.

Бүгін біз ашық қоғамда, көпұлтты елде өмір сүріп жатырмыз. Қазіргі жағдайда бізге бір тілді ғана білу жеткіліксіз екені анық. Дана халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деген мақалы бүгінгі заманда мәнін жойған жоқ, керісінше өзекті бола түсті. Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет» — деп, қазақ елі жастарының алдына тілдерді меңгеру жөнінде нақты міндеттер қойған болса, 2017 жылы қоғамымыздың болашағына бағдар берген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «... жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейді» деп, шет тілдерін, оның ішінде ағылшын тілін меңгерудің маңыздылығына қазақстандықтардың назарын тағы бір аударған еді [1]. Неге ағылшын тілі десек, ол - әлемдегі ең кең тараған тіл, оны білген адам мол мүмкіндіктерге ие болатыны сөзсіз. Жер бетінде өмір сүріп жатқандардың шамамен 1,5 миллиарды ағылшын тілін меңгерген. Бұл тіл әлем бойынша халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде ресми түрде қабылданған. Әлемдегі экономикасы дамыған мемлекеттер — Ұлыбритания мен АҚШ-тың мемлекеттік тілі. Сонымен қатар, ондаған мемлекеттердің ресми тілі. Дүниедегі барлық аударма шығармалардың, ақпараттардың 33%-ы ағылшын тілінен аударылса, 15 % -ы француз тілінен, ал 1%-ы ғана неміс тілінен аударылады екен [2].

Лингвистика ғылымында көп тіл білетін адамның ойлау аумағы, ой өрісі кең болатыны дәлелденген. Зерттеуші ғалымдар өз ана тілінен басқа тағы бір шет тілін игеру саяхаттауға, жоғары жалақылы қызметке тұруға мүмкіндік беріп қана қоймай, кәрілікке жеткенде ақыл-есінен алжасудың алдын алады, мидың мүмкіндігін кеңейтеді, адамның зейін кою, қабылдау қабілеттерін арттырады деген тұжырым жасаған. Көп тілді меңгеру – адамның кәсіби-тұлғалық дамуының кепілі бола алатындығына дәлел ретінде өз тарихымыздан да, әлем тарихынан да келтірер мысал көп. Мәселен, Белгілі орыс жазушысы Лев Толстой француз, ағылшын және неміс тілінде еркін сөйлеген, украин, грек, шіркеулік-славян тілдерін жақсы білген. Түрік, голланд, көне еврей және болгар тілдерін үйренуге ден қойған. Осының бәрін ол шетелдіктермен сөйлесу үшін не жай мақтан үшін үйренбеген, ұлы жазушы тілдерді үйренуді ақыл-ойын дамыту құралы ретінде пайдаланған. Осының нәтижесінде ол жасы ұлғайғанға дейін ой еңбегімен айналысып, адамдармен үлкен ықыласпен араласып, көптеген құбылыстар

туралы ойланған. А. С. Пушкиннің де өз дарынын жан-жақты дамытып, әлем әдебиетінің жауһарларымен төл нұсқасында таныса алатындай қабілетке ие болғанын екінің бірі біле бермейді. Орыс әдебиетінің бұл дара тұлғасы француз, ағылшын, неміс, итальян, испан, латын, грек, славян тілдерін біліп қана қоймай, көне еврей тілін де зерттеп үлгеріпті. Әрине, оның тума талантын мейлінше дамытып, әлемдік деңгейдегі шығармаларды дүниеге әкелуіне бірнеше тілді меңгеруінің көмегі зор болғаны сөзсіз.

Белгілі өнертапқыш Никола Тесла 8 тіл, Рим папасы Иоанн Павел II 10 тіл, жазушы Энтони Бёрджесс 12 тіл білген. Бұлардың қай-қайсысы да жай адам болмаған.

Өткен ғасырлардағы қазақ зиялыларының қай-қайсысын алмайық, дара тұлғаларымыздың, ғалымдар мен ақындарымыздың барлығы дерлік кемінде 2 немесе 3 тілді меңгергенін көреміз. Бұл – бірнеше тілді меңгеру біздің ғасырымызда ғана қажеттілікке айналып отырмағанының дәлелі.

Мәселен, Фараб қаласының тумасы, энциклопедиялық білімге ие болған бабамыз Әбу Насыр Әл-Фараби 70-ке жуық тіл білген деген дерек бар, нәтижесінде ол философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге жуық трактат жазып қалдырған. Өлең жазған, қобыз, домбыра сияқты аспаптарды жасап, осы ұлттық аспаптарда шебер ойнаған.

Қазақ поэзиясының атасы, қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін салушы Абай Құнанбаев орыс тілін, парсы, араб тілдерін жетік меңгерген. Осындай бірнеше тілді білуі Абай Құнанбаевтың қазақ ауыз әдебиетінің шұрайлы құнарынан сусындап қана қоймай, орыс әдебиетінің озық өкілдерінің шығармашылығымен танысып, солар арқылы батыс әдебиетімен таныс болуына және шығыс әдебиетін төл нұсқада оқып-үйренуіне ерекше пайдасын тигізді, әлем әдебиетінің классиктері В. Шекспирдің, И. Гетенің, Д.Байронның, А.Пушкиннің, Н.Гогольдің, М.Лермонтовтың, Г.Низамидің, А.Фирдаусидің, Ә.Науаидің шығармаларын зейін қойып оқып, олардан көп нәрсеге үйренуге мүмкіндік берді, осылайша оның көзқарасына, таным-түйсігіне, шығармашылығына, ұлтымыздың бас ақыны болып қалыптасуына, қазақ поэзиясына түрлі жаңалықтар әкелуіне орасан зор ықпал етті. Ол аудармалары арқылы жаңа теңеулер мен эпитеттерді, жаңа оралымдар, жаңа ұғымдар туғызып, тілімізді байытты, өзі де қазақ зиялыларының данасы дәрежесіне көтерілді. Жиырма бесінші қара сөзінде: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі сонымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» [3;30] – дейді. Хакім Абай басқа халықтың тілі мен мәдениетін білу адамды сол халықпен тең етеді дей отырып, тілдерді меңгерудің пайдасын сол кезде-ақ анық көрсетіп кеткен. Яғни, біз өзге тілді сол елмен терезесі тең қарым-қатынас жасау үшін, ел болашағы үшін сол елдің жетістіктерін үйреніп, игеруіміз үшін меңгергеніміз дұрыс.

Ағартушы, жаңашыл педагог, ақын, жазушы әрі этнограф ретінде қазақ тарихында өшпес із қалдырған Ыбырай Алтынсарин де орыс, татар, араб және парсы тілдерін еркін меңгерген адам болған. Өнеге-тағылымға толы шығармаларын былай қойғанда, қазақ еліне жасаған ерен еңбегінің бірі – сол кезде дарынсыз аударылған, мағынасы түсініксіз татар тілінде жазылған діни әдебиеттердің орнына қазақ жастарының теріс діни ілім алмауы үшін мұсылмандықтың рухына толық сай келетін «Мұсылманшылықтың тұтқасы» деп аталатын діни сауат ашу кітабын жазып шығуы [4]. Әрине, Ы.Алтынсариннің қазақ руханиятына осындай құнды еңбекті әкелуі оның исламдық ұстанымының тазалығы мен беріктігінің және араб тілін еркін білуінің арқасында жүзеге асты.

Қазақ халқының ұлы перзенті, Абылай ханның немересі Шоқан Уәлиханов араб, шағатай және түркі тілдерінің біразын білген. Кадет корпусында оқып жүргенде орыс тілін жетік біліп үлгерген. Оның ғылымға, зерттеушілікке деген қызығушылығы

көптілді меңгергенінен кейін пайда болған. Бұл да көптілді адамның көкірек көзі ашылып, білім мен ғылымға құштар болатынын дәлелдейді.

Алаш қозғалысының төл перзенті, қазақ халқының ғана емес, өзбек және басқа да түркі халықтарының ұлттық бостандығы үшін күрескен және елінің азаттығы үшін тағдырдың бар азабы қара нардай көтерген, Түркістан мемлекетін құруға айрықша қызмет еткен, өз елінің нағыз жанашыры болған алып тұлға - Мұстафа Шоқай да көптілді болған. Заң университетін алтын медальмен аяқтаған білімпаз азамат өз ана тілін мейлінше жетік білумен қатар, 7 тілді еркін меңгерген екен. Солардың ішінде ағылшын, француз, түрік, өзбек, орыс тілдері бар.

Қазақтың маңдайына біткен бір емес, бірнеше жарық жұлдыздарын дүниеге әкеліп, ұлт мақтанышына айналған Жұбановтар әулеті барша қазаққа таныс. Бұл отбасында көрнекті ғалымдар Құдайберген Жұбанов, Ахмет Жұбанов және Ғазиза Жұбановалардан бөлек ондаған ғалым дүниеге келген. Солардың бірі – көрнекті филолог, түріктанушы, тұңғыш қазақ профессоры Құдайберген Жұбанов. Ғалым өз өмірбаянында 18 тілді еркін меңгергенін көрсетіпті. Солардың қатарында парсы, араб, неміс, түрік, моңғол, чуваш, коми, орыс, грузин және бірнеше түркі тектес тілдер бар екен. «Талантты адам жан-жақты таланты болады» деген ой осы жағдайда айтылса керек. Құдайберген Қуанұлы Жұбанов - отыз сегіз-ақ жыл ғұмыр кешіп, 1937 жылдағы қызыл қырғынның құрбаны болған ғалым. Әйтсе де көп тілді меңгеруі мен ізденімпаздығының арқасында әлемдік лингвистиканың озық дәстүрін толық игеріп үлгеріп, мол ғылыми мұрасы арқылы қазақтың ғылыми тіл білімі саласына өлшеусіз еңбек сіңірді, орта мектептер мен жоғары оқу орындары үшін қазақ тілін оқыту бағдарламаларын жасап, оқулықтар мен әдістемелік құралдар жазып қалдырды.

Бірнеше тілді меңгеруінің арқасында топ ішінен тұлға ретінде дараланып, кәсіби-шығармашылық қызметінде биік шыңдарды бағындырып жүрген бүгінгі күнгі замандастарымыз да аз емес.

Бұрын БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, ҚР Премьер-министрі, ҚР Мемлекеттік хатшысы, ҚР Сыртқы істер министрі т.б. сияқты бірнеше жоғары лауазымдарды абыроймен атқарған мемлекет қайраткері, саяси ғылымдар докторы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының алтыншы Төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев та – қазақ, орыс, ағылшын, қытай және француз тілдерін жетік меңгерген тұлға. Тіл білуі арқылы біліктілігі жоғары маман ретінде бағаланып, көптеген шет елдердегі елшіліктерде, БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің бас директоры қызметінде жұмыс істеді. Ол – еліміздің саяси және жоғары әкімшілік-басқару жүйесіндегі беделді, танымал азамат.

Бүгінгі күні өзінің ерекше талантымен қазақ өнерін жаһанға паш етіп, әлемнің әр түпкірінен өз өнерінің қолдаушылары мен жанкүйерлерін тауып үлгерген жас әнші Димаш Қанатұлы Құдайбергенов бірнеше тілді меңгеруінің арқасында халықаралық деңгейдегі көптеген жетістіктерге жеткеніне бәріміз куәмыз. Дауыс тембрі ерекше отандасымыз қазақ тіліндегі халық әндерін қаймағын бұзбай, тамылжытып, нәзік те ғажап жеткізумен қатар, серб, итальян, француз, ағылшын, орыс тағы да басқа көптеген тілдердегі әндерді де жоғары деңгейде орындап, әнсүйер миллиондардың жүрегін жаулап алғаны қашан! Димаштың әлемдік деңгейдегі табысының бір Түйіні оның өз ана тілін жетік білуімен қоса, бірнеше тілді жақсы меңгеруі екендігі сөзсіз!

Саясат Нұрбек есімді жас көшбасшы, полиглот бар елімізде. Жас болса да көптеген жетістікке қол жеткізген бұл азамат қазіргі таңда 7 тіл біледі. Кәсіби және тілдік біліктілігін арттыру мақсатында АҚШ-тың Дьюк университетінде, Сингапурдың Ли Куан Ю атындағы мемлекеттік саясат мектебінде, Бельгияның Еуропалық колледжінде, ЛСА бағдарламасы бойынша жапон елінде және Нидерландының

мемлекеттік басқару институтында білім алған. Саясат Нұрбек бір сөзінде: «Адам жақсы өмір сүру үшін көп тіл білуі керек» - дейді.

Түркиядан Қазақстанға қоныс аударған қазақ студент Нығмет Нажмуддин мемлекеттік тілден басқа тоғыз — хинди, араб, парсы, пушту, ағылшын, түрік, урду, тәжік, орыс тілдерін біледі және мұның барлығын өз бетінше үйренген. Әділбек Қоңырбай, Ақмаржан Кенжеболат сияқты отандастарымыз оншақты тілді өз бетінше үйренген [5].

Адам көп тіл білген сайын оның көкірек көзі ашылып, өмірінің көкжиегі кеңіп, ой-өрісі ұлғая түсетінін келтірілген көрнекті тарихи тұлғалар мен белгілі замандас азаматтардың, зиялы қауым өкілдерінің өмір жолдары мен қол жеткізген жетістіктері көрсетіп отыр.

Осы тақырып бойынша іздену барысында мынадай қызықты мәліметті кездестірдік: Люксембург қаласы тұрғындарының түгелге жуығы төрт тілде еркін сөйлейді алады екен, олардың басым көпшілігі жастар. Осы қаланың балалары мектепке дейін төрт жастан бастап тегін ана тілінде, екінші сыныптан бастап француз тілінде оқитын болып шықты. Ал ағылшын тілі алтыншы сыныптан басталып оқытылады екен. Көптілді білім беру үдерісі біздің елімізде де жүзеге асырыла бастады, оның қажеттілігін біз түсінуіміз керек. Ана тіліңмен қатар, өзге ұлттың тілін жетік игеріп, сол ұлт азаматтарымен ойдағыдай тіл табыса білу – үлкен біліктіліктің белгісі.

Екінші немесе үшінші тілді меңгеру адамның жас ұлғайған кезде ақыл-ой қабілетін сақтап қалуына оң әсерін тигізеді. Мұны 1947 жылдан бастап 2010 жылға дейін созылған зерттеу нәтижесі көрсеткен. Зерттеуге қатысқан 853 адам зерттеудің басында және 63 жылдан кейін зерттеу аяқталар кезде ақыл-ой қабілетін анықтау тестінен өткен. Зерттеу нәтижесі екі немесе одан да көп тіл білген адамдардың өмір бойы бір тілде ғана сөйлеген өз құрдастарына қарағанда ақыл-ой және психологиялық қабілеттері жоғары болғанын көрсеткен. Ал ми қабілеті өз жастарына қарағанда едәуір жақсы жағдайда болған.

2013 жылы Шотландиядағы Эдинбург университетінде адамның зейінін шоғырландыра білу қабілетін анықтау мақсатында 19 жасқа дейінгі бір тіл білетін 38 адам және екі тіл білетін 68 адам қатысқан эксперимент жүргізілген. Эксперимент екі тілді адамдардың өз зейінін шоғырландыра білу қабілетінің жоғары болатынын дәлелдеген.

Ғалымдар мидың белгілі бір бөлігіне жүктеме түскен кезде, адам қай жаста болса да, оның миындағы бұрыннан бері бар тізбектерге тез арада бейімделе алатын жаңа нейрондық байланыстар түзілетіндігі жөнінде қорытынды жасаған. Мұны Швециядағы аудармашылар академиясында жүргізілген эксперимент жұмыстары дәлелдеген. Осы оқу орнына жаңадан қабылданған студенттерге меңгеруі қиын деп саналатын орыс, араб, дали тілдерін үйрену ұсынылған. Бұл тілдерді күн сайын бірнеше сағат бойы үйрену тапсырылыпты. Дәл осы уақытта медицина университетінің студенттеріне де пәндерді сабақтан бас алмай оқу тапсырылыпты. Эксперимент жұмыстарының басында және 3 айдан кейін эксперимент аяқталарда тәжірибеге алынған осы екі топ қатысушыларының миын магнитті-резонанстық томографияға (МРТ) түсіріпті. Эксперимент жұмыстары мынаны көрсеткен: сабақтан бас алмай өз пәндерін оқыған медицина университеті студенттерінің миында еш өзгеріс байқалмаған, ал меңгеруі қиын деп саналатын шет тілдерін үйрену тапсырылған университетке жаңа қабылданған студенттердің миының жаңа білімді меңгеруге (гиппокамп), ұзақ есте сақтауға және кеңістіктегі бағдарға жауапты бөлігі көлемі жағынан ұлғайған [6].

Осы зерттеулерден мынадай маңызды қорытынды жасауға болады:

1. Біздің бұлшық еттеріміз бен сіңірлеріміз сияқты миымызға да үнемі жүктеме түсіріп отыру қажет. Егер біз қартайған шағымызға дейін ақыл-есіміздің, ойлау қабілетіміздің өз қалпында сақталуын қаласақ, онда миымызға әрқашан жүктеме беріп, ақыл-ой еңбегімен айналысқанымыз дұрыс болады. Осындай таптырмас жаттығудың бір түрі – шет тілдерін үйрену. Бәлкім, шетелдерде егде тартқан адамдардың басым көпшілігі зейнеткерлікке шыққаннан кейін шет тілдерін үйренумен, дүние жүзін аралаумен айналысатыны осыдан болар.

2. Миы жақсы жұмыс жасайтын адам толыққанды әрі бақытты өмір сүреді және өмірде табысты болады. Сондықтан біз бай болуды, табысты болуды, сыйлы болуды армандап, осыларға қол жеткізгіміз келсе, өз ана тілімізді жетік білумен бірге шет тілдерін үйренуіміз қажет. Егер бүгінгі күні шет тілінде оқи алатын болсақ, енді оны сол тілде сөйлейтін адамдармен сөйлесе алатындай дәрежеде тереңдетіп үйренуіміз қажет болады.

3. Шет тілін қай жастан бастап үйренсек те кеш болмайды. Қай жаста болсақ та, егер миымыз жаттығып жетілген болса, ол жана жүктемеге тез бейімделіп, мида жана нейрондық байланыстар түзілу нәтижесінде адамның ақыл-ой қабілеті, соның ішінде зейінді шоғырландыра білу, есте сақтау қабілеттері артады екен.

Қазір бірнеше тіл білу табысты болудың, жақсы жұмысқа орналасудың, әлемді аралап көрудің, өзінді жан-жақты дамытудың басты құралына айналып отыр. Бүгінде елімізде жұмысқа қабылданарда ағылшын тілін білетін жастарға басымдылық берілетіні жасырын емес. Ал, кейбір шетелдік компанияларда бұл тіпті жұмысқа қабылданатын маманның кәсіби біліктілігіне қойылатын талап ретінде қарастырылады. Сол себепті де бүгінде ағылшын тілін білу үлкен қажеттілікке айналып отыр. Өкінішке орай, мемлекетіміздің басты тілі, мемлекет құраушы ұлттың тілі – қазақ тілін жетік меңгеруді жұмысқа алынатын кезде кәсіби біліктілік бойынша маманға қойылатын басты талап ретінде қарастырыла бермейді. Елбасын сайлағанда осы жоғары лауазымға ұсынылатын үміткер қазақ тілінен мемлекеттік емтихан тапсырады. Ал басқа шенеуніктерге, мекеме басшыларына, бөлім жетекшілеріне, жетекші мамандарға неге осындай талап қойылмайды деген сұраққа бүгінгі күні жауап табылмай отыр.

Көп тіл білу дегенде соның ішінде біреуі негізгі, тұғырлы тіл болады. Қалған тілдер соның негізінде игеріліп, қосымша тіл қатарында саналады. Біздер үшін басты, тұғырлы тіл – ана тіліміз – қазақ тілі! Елбасымыз «дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы ...» деп, ерекше сипаттаған ана тілімізді жетік біліп, жатық сөйлеу - елжанды, отаншыл әр азамат үшін басты парыз, ал ана тілімізді меңгеріп, қазық қылып алғаннан кейін ғана екі немесе одан да көп тілді меңгеру міндет болып отыр. Алайда көп тілді білу деген сөз оны араластырып, шұбарлап, қойыртпақ тілге айналдыру деген де емес. Көп тілді меңгерген адам рухани бай, тілі таза, дүниетанымы кең, мәдениеті жоғары, білімі терең және өзі меңгерген әр тілге сол халықтың рухани құндылығы, ұлттық мәдениеті ретінде аса сақ, жанашырлықпен, жауапкершілікпен және үлкен құрметпен қарайтын тұлға екендігін жоғарыда келтірілген мысалдардан аңғаруға болады.

Қорыта келгенде, шет тілдерін өз дәрежесінде меңгеру еркіндіктің, бүкіл әлем бойынша жүріп-тұрудың кепілі ғана емес, адамның тұлғалық, кәсіби және интеллектуалдық қабілеттерін дамытушы фактор деп тұжырымдауымызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру/ Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2017. – № 70. – 2 б.

2. Сариева А.Ө. Үштілді білім беру: маңызы мен өзектілігі/ А.Ө. Сариева // www.orleuastana.kz
3. Құнанбайұлы Абай (Ибраһим). Қара сөздер/А. Құнанбайұлы. – Орал қаласы, 2016. – 164 б.
4. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы /Ы.Алтынсарин. – Алматы: Қазақстан; ТПО Қаламгер, 1991. – 80 б.
6. Меделбек Р. Молодые полиглоты. / Р. Меделбек // www.rusazattyg.org сайты
7. www.es-eschool.ru сайты
8. Тургумбаева Н.К. Көптілдіктің көпқырлылығы // www.kafu.kz сайты

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль изучения языков в профессионально-личностном, интеллектуальном развитии человека. Авторы статьи, основываясь на результатах экспериментов, проведенных зарубежными исследователями, на примере известных исторических личностей, владевших несколькими языками и современных полиглотов, достигших высоких успехов в жизни, показали пользу изучения иностранных языков. Основным выводом авторов статьи явилось утверждение о том, что изучение языков способствует повышению умственных способностей и позитивно влияет на личностно-профессиональное и интеллектуальное развитие человека.

RESUME

Article examines the role of language learning in the professional-personal and intellectual development of a person. The authors based on the results of experiments conducted by foreign researchers and on the example of famous historical personalities who spoke several languages and modern polyglots who achieved high success in life have shown the benefit of studying foreign languages. The main conclusion of the article is the assertion that the study of languages contributes to the increase of mental abilities and positively affects the person's professional and intellectual development of a man.

УДК 004.738.5:304.2

А.А. Уфимов, студент

А.Т. Искалиева, старший преподаватель

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск, РК.

ИНТЕРНЕТ-ЗАВИСИМОСТЬ МОЛОДЕЖИ ОТ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ КАК ПРОБЛЕМА СОВРЕМЕННОСТИ

Аннотация

Статья посвящена влиянию интернета на речь современной студенческой молодежи. Благодаря исследованию выявлено, что интернет оказывает негативное влияние на речь студентов.

Ключевые слова: интернет, социальные сети, глобальное развитие, зависимость, культура речи, сленг, интеллект, речь, ресурс, интерес.

Данная тема особенно актуальна в настоящее время. Интернет отрицательно влияет на культуру языка молодежи.